

## Облыс қалалары мен аудандары жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2002 жылғы 30 желтоқсандағы № 94/24 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 22 қаңтарда № 1600 тіркелген. Мемлекеттік тіркеу жойылды - Павлодар облысы Әділет департаментінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 4-06/1696 хатымен (1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік - құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабы) және онсыз қолданады. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 23 ақпандығы № 10/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облыстық мәслихатының 23.02.2021 № 10/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Облыс жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы Н.Т. Бейсембаев мырзаның "Облыс қалалары мен аудандары жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) туралы" ақпаратын тыңдалап және талқылай келе, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының "Жер туралы" Заңы 7-бабының 3-тармағына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Беріліп отырған қосымшаларға сәйкес облыс қалалары мен аудандары салық салу мақсатында жерлерін аймақтарға бөлу жобалары (сұлбалары) бекітілсін:

- 1) Алынып тасталды - Павлодар облыстық мәслихатының 2010.08.25 № 300/26 шешімімен.
- 2) Екібастұз қаласы (№ 2 қосымша)
- 3) Ақсу қаласы (№ 3 қосымша)
- 4) Ақтогай ауданы (№ 4 қосымша)
- 5) Баянауыл ауданы (№ 5 қосымша)
- 6) Железин ауданы (№ 6 қосымша)
- 7) Ертіс ауданы (№ 7 қосымша)
- 8) Қашыр ауданы (№ 8 қосымша)
- 9) Лебяжі ауданы (№ 9 қосымша)

- 10) Май ауданы (N 10 қосымша)
- 11) Павлодар ауданы (N 11 қосымша)
- 12) Успен ауданы (N 12 қосымша)
- 13) Шарбақты ауданы (N 13 қосымша)

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облыстық мәслихатының  
2008.10.24 N 141/10; 2010.08.25 N 300/26 Шешімдерімен.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың табиғатты пайдалану және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Рамазанов Ж.Р) жүктелсін.

Сессия терағасы

Ю. Алекпаров

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

**РҚАО ескертуі: (схеманы қағаз нұсқасынан қарандыз)**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК